

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық
мамандандырылған музыкалық
орта мектеп-интернаты»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі

Республиканское государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсеитовой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

ДОЛЖНОСТНАЯ ИНСТРУКЦИЯ

1.03.2021 ж.

дата

№ 3

Алматы қ.

г. Алматы






Бекітемін:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық
мамандандырылған музыкалық
орта мектеп-интернаты» РММ
Директоры

Абдрашев Б.Т.

2021ж. «1» 03

ДИРЕКТОРДЫҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

Өзірлеген:			
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары		Ахметова С.Н.	26.02.2021
Келісілген:			
Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	26.02.2021
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	26.02.2021
Кадр бөлімінің инспекторы		Касенова Р.С.	26.02.2021
Заңгер		Болсамбеков Н.А.	26.02.2021
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ.....	3
3.	ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ	4
4.	ҚҰҚЫҚТАРЫ	7
5.	ЖАУАПКЕРШІЛІК	7
	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	8
	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	9

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы лауазымық нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығымен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының негізінде әзірленді.
2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мектеп) директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының (бұдан әрі – тәрбие жөніндегі орынбасар) қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.
3. Тәрбие жөніндегі орынбасар басшылар санатына жатады.
4. Тәрбие жөніндегі орынбасар Мектеп директорының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады.
5. Тәрбие жөніндегі орынбасар Мектеп директорына тікелей бағынады.
6. Тәрбие жөніндегі орынбасар өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:
 - 1) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы конвенциясын, «Қазақстан Республикасында бала құқықтары туралы» ҚР Заңын;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесі бар нормативтік құжаттаманы, жоғары тұрған органдардың бұйрықтары мен нұсқаулықтарын;
 - 3) қызмет сапасы менеджменті саласындағы стандарттарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін және Мектепте енгізілген басқа да жүйелерді;
 - 4) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды;
 - 5) Осы лауазымдық нұсқаулықты.
7. Тәрбие жөніндегі орынбасар болмаған жағдайда (еңбек демалысы, сырқаттануы және т.б.) оның міндеттерін өкімдік құжатымен тағайындалатын маман атқарады, ол тиісті құқықтарды иеленеді және өзіне жүктелген міндеттерді сапалы және дер кезінде орындауға жауапты болады.

2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Тәрбие жөніндегі орынбасар лауазымына жоғары және тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық, немесе өзге де кәсіптік білімі, немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткенін растайтын құжаты, педагогикалық өтілі бар және басшы қызметін кем дегенде 3 жыл атқарған тұлға тағайындалады.

Лауазымдық нұсқаулық	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	9-нан 3 бет

2. Оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде – қосымша «педагог – сарапшы» немесе «педагог – зерттеуші» немесе «педагог – мастер» санаты болуы тиіс.

3. Тәрбие жөніндегі орынбасар төмендегілерді білуге міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- 2) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;
- 3) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді;
- 4) педагогика және психология негіздерін,
- 5) «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін,
- 6) Оқушыларды тәрбиелеу саласында педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін,
- 7) менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздерін,
- 8) еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғау қағидаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

4. Тәрбие жөніндегі орынбасар төмендегі жеке тұлғалық қасиеттері мен кәсіби құзыреттіктері болуы тиіс:

- 1) ұйымдастырушылық қабілеттері, көшбасшылық қасиеттері, жауапкершілік, елгезектік, қызметтік ынтасы, командада жұмыс істей білуі;
- 2) жүйелі, аналитикалық, креативтік ойлау қабілеті;
- 3) кең ой-өрісі, дарынды балалардың тұлғасын тәрбиелеу саласындағы ең жаңа білімдері;
- 4) мақсатты тұжырымдау, талдау және проблемаларды шешу қабілеттері;
- 5) акпараттық-коммуникациялық құзыреттіктері;
- 6) ұйымдастырушылық-іс-әрекет құзыреті;
- 7) әдістемелік және инновациялық құзыреттіктері;
- 8) әлеуметтік-мәдени құзыреттіктері;
- 9) әлеуметтік-серіктестік құзыреттіктері;
- 10) экономикалық және құқықтық құзыреттіктері.

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

1. Тәрбие жөніндегі орынбасар тәрбиелеу процессін және Мектептің тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады.

2. Тәрбиелеу жұмысының жай-күйін, оны әдістемелік және психологиялық қамтамасыз етеді талдайды.

3. Сынып жетекшілерінің, психологтердің, мектеп жанындағы интернат тәрбиешілерінің қызметін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады. Тәрбиелеудің концептуалдық негіздерін іске асыруға бағытталған іс-

Лауазымдық нұсқаулық	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОИ» РММ»	9-нан 4 бет

шараларды, бағдарламалық құжаттарды және оқушыларды тәрбиелеу мәселелері жөніндегі ҚР басқа да нормативтік-құқықтық актілерін орындау бойынша жұмысты үйлестіреді.

4. Тәрбиелеу процессінің сапасына бақылау жүргізеді, музыкаға дарынды балаларды бағалау критерийлерін әзірлейді.

5. Мәдени-тәрбиелік іс-шараларды дайындап өткізуді қамтамасыз етеді; тәрбиелеу іс-шараларының мазмұнына, әдіс-тәсілдеріне және олардың дер кезінде өткізілуіне жүйелі бақылауды жүзеге асырады.

6. Өзінің тәрбиелеу жүйелері мен бағдарламаларын әзірлеп енгізеді, жаңа әдістерді, тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін шығармашылықпен қолданады, өзінің біліктілігін арттырады.

7. Сынып жетекшілерін, мектеп жанындағы интернат тәрбиешілерін іріктеуге қатысады, педагогтердің біліктілігін және кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша жұмысты ұйымдастырады. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмысын басқарады, тәрбиелеу жұмысының тәжірибесімен алмасуды ұйымдастырады.

8. Тәрбиелеу процессін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді, мектептің педагогикалық кеңесінің жұмысына қатысады, күн тәртібіне ұсыныстар енгізіп, педагогикалық кеңестердің материалдарын дайындайды.

9. Әкімшіліктің, психологиялық қызметтің және тәрбиелеу процессін қамтамасыз ететін Мектеп бөлімдерінің қоғамдастық пен құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қауымы, қамқоршылық кеңесі өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

10. Білім беру процессіне барлық қатысушылардың толеранттық мәдениетін қамтамасыз етеді.

11. Музыкаға дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің жұмысын үйлестіреді.

12. Мектеп-ата-ана қатынастарының жаңа формаларын, мектеп пен отбасының толық өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. Ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумдар, жалпы мектептік ата-аналар жиналыстарын өткізеді, ата-аналар қауымы үшін құқықтық жаппай оқытуды ұйымдастырады. Білім алушылармен тәрбиелеу жұмысын жүргізуге ата-аналарды тартуды ұйымдастырады, кешенді тәрбиелеу жүйесін құруға ықпал етеді.

13. Компьютерлік технологияларды меңгерген. Оқушыларда кибермәдениет пен кибергигиена дағдыларын дамытады. Тәрбиелеу іс-шараларын өткізу кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланады.

14. Оқушылардың, сынып жетекшілерінің, тәрбиешілердің конкурстарға, конференцияларға, семинарларға, терингтерге және т.б. қатысуын қамтамасыз етеді.

15. Жоғары сынып оқушыларымен бірге қосалқы басқару мен өзін өзі басқару бойынша жұмысты ұйымдастырады. Оқушыларға мәдени-бұқаралық, спорттық және сауықтыру іс-шараларын өткізуге көмек көрсетеді, олардың шығармашылық дамуына және шығармашылық тұрғыдан қабілеттерін іске

Лауазымдық нұсқаулық	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОИ» РММ»	9-нан 5 бет

асыруына ықпал етеді. Оқушылардың мінез-құлық қағидаларын және ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтауын бақылайды.

16. Педагогикалық еңбек ардагерлерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Кездесулер, волонтерлік акциялар, қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастырады.

17. Ұйымда білім беру процессінің барлық қатысушыларының, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен «Құндылытарға негізделген білім» тұжырымдамасын енгізеді. Мектеп ұжымының қатысуымен тәрбиелеуге бағалы әдіс-тәсілді енгізеді. Рухани-адамгершілік біліммен қамтамасыз етуде «Өзін-өзі тану» пәні педагогтерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

18. Білім алушылардың патриоттық, рухани-адамгершілік, азаматтық-құқықтық тәрбиесін, СӨС дағдыларын, қатынасу, тамақтану мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың, экстремизм мен терроризмнің, зиянды әдеттердің және т.б, алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастырады.

19. Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер және тағы басқа қызметкерлер арасында академиялық адалдық принциптерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сіңіреді.

20. Медициналық қызмет көрсетудің және білім алушылардың тамақтануы жай-күйіне бақылау жүргізеді. Оқушыларды қарап-тексерулер ұйымдастыруға көмек көрсетеді. Мәліметтерді жинап талдайды және мұқтаж балалар үшін мектеп буфетінде тегін тамақтандыруды ұйымдастырады.

21. Білім алушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүктелген міндеттерін сынып жетекшілерінің, тәрбиешілердің, тікелей бағынатын қызметкерлердің орындауын қамтамасыз етеді; тәрбие жұмысын, еңбек қорғау нормаларына және қағидаларына қатаң сәйкестікте білім алушылардың ерікті қоғамдық пайдалы еңбегін ұйымдастырады.

22. Сынып жетекшілеріне, үйірме, спорт секцияларының жетекшілеріне жарақаттанудың және басқа да жазатайым оқиғалардың алдын алу мәселелері бойынша әдістемелік көме көрсетеді.

23. Білім алушылармен және олардың ата-аналарымен (оларды алмастыратын тұлғалармен) жарақаттанудың, жол-көлік оқиғалардың, көшеде, суда және т.б. жерлерде орын алатын жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша іс-шаралар ұйымдастырады.

24. Мектепте мұғалімдер мен әкімшіліктің кезекшілігін жүзеге асырады және ұйымдастырады.

25. Қажетті есепті құжаттаманы сапалы әзірлеуді және сұрауы бойынша уәкілетті органдарға дер кезінде тапсыруды қамтамасыз етеді.

26. Мектепте, тұрмыста, қоғамдық орындарда педагогтің және Мектеп әкімшілігі өкілінің мәртебесіне сай келетін мінез-құлықтың әдеп нормаларын сақтайды.

Лауазымдық нұсқаулық	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	9-нан 6 бет

4. ҚҰҚЫҚТАР

1. Тәрбие жөніндегі орынбасардың мынадай құқықтары бар:

- 1) кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 2) өзінің кәсіби қызметіне және Мектептің тәрбиелеу қызметіне қатысты басшылық шешімдерінің жобаларымен танысуға;
- 3) кәсіби қызметіне баға берілген шағымдармен және басқа да құжаттармен танысуға, оларға түсіндірме беруге;
- 4) Мектептің тәрбиелеу жұмысын жетілдіру бойынша басшылықтың қарауына ұсыныстар енгізуге;
- 5) құрылымдық бөлімдер басшыларынан және мамандардан лауазымдық міндеттері мен құқықтарын орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды алуға;
- 6) өзіне жүктелген міндеттерді шешу үшін құрылымдық бөлімдердің мамандарын тартуға (егер ол құрылымдық бөлімдер туралы ережелерде көзделсе, егер жоқ болса – басшының рұқсатымен);
- 7) Мектеп директоры алдында өзінің құқықтары мен міндеттерін орындауға қолдау көрсету туралы өтініш жасауға;
- 8) комиссиялардың құрамына кіруге және Мектептің оқу-тәрбие қызметі мен ішкі тәртіптеме қағидаларын орындауға байланысты мәселелерді шешу бойынша олардың жұмысына қатысуға;
- 9) білім беретін педагогтер мен мұғалімдерді, сынып жетекшілерін, мектеп жанындағы интернаттың тәриешілерін көтермелеу туралы ұсыныстар енгізуге;
- 10) қолданыстағы заңнама шегінде педагогтер мен мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне, мектеп жанындағы интернаттың тәриешілеріне тәртіптік шара қолдану бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 11) педагог кадрлардың мәселелерін реттеу бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 12) өз құзыреті шегінде басқа ұйымдарда Мектеп мүдделерінің өкілі болуға және оны жүзеге асыруға;
- 13) Мектеп ішінде және одан тыс жерлерде оқу, шығармашылық және ғылыми жұмысты қоса атқарғанда өз міндеттерін орындауға құқығы бар;

2. Тәрбие жөніндегі орынбасардың Қазақстан Республикасының Конституциясына және Еңбек заңнамасына сәйкес құқықтары бар.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Тәрбие жөніндегі орынбасар Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:

- 1) өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін;
- 2) өзіне берілген құқықтарды теріс пайдаланғаны үшін;
- 3) жоспарлы міндеттерді орындамағаны үшін;
- 4) сапалы менеджмент саласындағы міндеттемелер және ішкі нормативтік құжаттама талаптары өзіне жүктелген функцияларға және тәрбиелеу процессі үшін жауапкершілікке қатысты бөлігінде сақталмағаны үшін;
- 5) мектептің ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбек тәртібі мен субординация сақтамағаны үшін;

Лауазымдық нұсқаулық	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	9-нан 7 бет

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру процессінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін.

2. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіпте Тәрбие жөніндегі орынбасар коммерциялық, техникалық және қызметтік құпияны сақтау үшін жауапты.

3. Тәртіптік, материалдық және қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркеу күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4

Лауазымдық нұсқаулық

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»

9-нан 8 бет

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Лауазымдық нұсқаулық	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	
9-нан 9 бет	